

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

---

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен

**бекітілді**

(2018 жылдың 13 маусымындағы  
№ 17 отырыс хаттамасы)

2018 жылдың 14 маусымынан бастап

**қолданысқа енгізілді**

## Сауда-саттық өткізу әдістері туралы ҚАҒИДА

---

---

г. Алматы

2018

Осы Қағида "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) қолданатын сауда-саттық әдістерін сипаттайды.

## 1 Тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

### 1-бап. Негізгі ұғымдар

1. Осы Қағидада Биржаның "Биржалық қызметті жүзеге асыру ережелері" ішкі құжатымен анықталған ұғымдар пайдаланылады.<sup>1</sup>

Осы Қағидада қолданылатын өзге ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Биржаның басқа да ішкі құжаттарымен анықталған ұғымдар мен терминдермен бірдей

2. Осы Қағиданың мақсаттары үшін:

- 1) қаржы құралдары деп тек Биржада айналысқа жіберілгендер ғана түсініледі;
- 2) сауда-саттық деп тек Биржа өткізетін сауда-саттық түсініледі;
- 3) өтінім көлемі<sup>2</sup> деп қаржы құралдарының өлшем бірлігімен көрсетілген көлем түсініледі.
- 4) кесімді баға деп<sup>3</sup>:

франкфурттық сауда-саттық өткізгенде – әрбір жеке итерация барысында анықталатын және осы қаржы құралымен мейлінше максималды сомалық көлемде мәміле жасасуы мүмкін қаржы құралының бағасы;

арнайы мамандандырылған сауда-саттық өткізгенде – осы қаржы құралының жалғыз сатушысы (сатып алушысы) аталған қаржы құралымен мәміле жасасу үшін қарсылама өтінімдердің арасынан таңдайтын (кесетін), осы қаржы құралының жалғыз сатушысы (сатып алушысы) үшін ең ұтымды болып табылатын, қаржы құралының бағасы;

- 5) мәміле деп сауда-саттықта қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер түсініледі;
- 6) Орталық депозитарий деп "Бағалы қағаздардың орталық депозитарий" АҚ түсініледі.

## 2. тарау. ӨТІНІМДЕР

### 2-бап. Өтінімдер туралы жалпы қағидалар

1. Өтінім деп, сауда-саттықтың қандай да бір қатысушысының мәміле жасауға берген өтінімін түсіну керек, яғни, сауда-саттықтың белгілі бір қатысушысы берген хабарландыруының шарттары бойынша немесе осы хабарландыру беруді қолжеткізерлік ететін шарттар бойынша мәміле жасауды қалауы туралы хабарлау тұспалданады.

---

<sup>1</sup> "Қазақстан қор биржасы" АҚ директорлар кеңесі шешімімен бекітілген (2017 жылдың 14 желтоқсанындағы № 30 мәжіліс хаттамасы)

<sup>2</sup> Рұқсат етілген синоним – "өтінім көлемі"

<sup>3</sup> Кесімді бағаның ақшалай да, пайыздық көрінісі де болуы мүмкін (мысалы, облигацияның атаулы құнының пайыздық көрсеткіші ретінде); соңғы жағдайда «кесімді бағаны» деген сөйлемнің қолайлы синонимі - «кесімді бағам».

2. Өтінімдер келесідей бөлінеді:
  - 1) бағыты бойынша:

сатып алуға өтінімдер, яғни, қаржы құралдарын сатып алушылары берген өтінімдер;

сатуға өтінімдер, яғни, қаржы құралдарын сатушылары берген өтінімдер;
  - 2) актуалдылық дәрежесі бойынша:

қолданыстағы өтінімдер, яғни, Биржа қабылдаған, толық көлемде қанағаттандырылмаған және осы өтінімдерді берген сауда-саттыққа қатысушылары немесе Биржа, осы Қағидаға және Биржаның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес, күшін жоймаған өтінімдер;

қолданыстағы емес өтінімдер, Биржа қабылдамаған, немесе Биржа қабылдап, толық көлемде қанағаттандырылған, немесе Биржа қабылдап, толық көлемде қанағаттандырылмаған, бірақ сауда-саттыққа қатысушысы немесе Биржа, осы Қағидаға және басқа да Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес, күшін жойған өтінімдер;
  - 3) бағасын көрсету бойынша:

шектелімді өтінімдер<sup>4</sup>, яғни, қаржы құралдарының бағасы көрсетілген өтінімдер;

нарықтық өтінімдер<sup>5</sup>, яғни, қаржы құралдарының бағасы көрсетілмеген сауда-саттық өтінімдері және осы өтінімдерді ұсынған сауда-саттыққа қатысушылары осы өтінімдерді қанағаттандыра алатын кез-келген бағамен мәміле жасасуды қалайтынын білдіреді.

### 3-бап.

#### Өтінімдерді беру және күшін жою

1. Өтінім беру, осы баптың 2 тармағында белгіленгенді қоспағанда, өтінімді берген сауда-саттыққа қатысушының осы өтінімі негізінде мәміле жасасуға сөзсіз келісімін білдіреді.
2. Сауда-саттыққа қатысушы оған келіп түскен өтінім негізінде мәміле жасаудан бас тартуға құқылы:
  - 1) егер бұл өтінім индикативтік баға белгілеу болып табылса;
  - 2) егер бұл өтінім арнайы мамандандырылған сауда-саттықта орналастырылған (сатылатын, қайта сатып алынатын, сатып алынатын) қаржы құралының жалғыз сатушысының (сатып алушысының) өтінімі болса.
3. Шектелімді өтінім беру, оны берген сауда-саттыққа қатысушысының осы өтінім негізінде көрсетілген бағамен немесе осы қатысушыға ұтымдырақ бағамен мәміле жасасуға келісімін білдіреді.
4. Өтінім беру, Биржамен оның біржақты қабылдауын білдірмейді. Тиісінше, сауда-саттыққа қатысушыларының бірі берген өтінімді Биржа қабылдасамаса, қанағаттандырыла алмайды.
5. Осы Қағиданың 8 және 9 тарауларында белгіленген жағдайлардан басқа, сауда-саттыққа қатысушысы сауда-саттық өткізудің кез келген сәтінде осының алдында берген өтінімінің күшін жоюға немесе шарттарын өзгертуге құқылы.

---

<sup>4</sup> Рұқсат етілген синоним – "бәсекелес өтінім".

<sup>5</sup> Рұқсат етілген синонимдер – "шектелінбеген өтінімдер", "бәсекелес емес өтінімдер".

Сауда-саттық сессиясы аяқталғаннан кейін, Биржа осы баптың 9 тармағында көрсетілген ерекшеліктерді қоспағанда, барлық қанағаттандырылмаған өтінімдерді жояды.

6. Сауда-саттыққа қатысушысына өзі берген өтінімнің күшін, тек осы өтінімнің қанағаттандырылмаған көлемінде ғана жоюға рұқсат етіледі.  
Биржа өтінімнің күшін осы өтінімнің қанағаттандырылмаған көлемінде жояды.
7. Өтінімнің шарттарын өзгерту үшін, оның күшін жойып, шарттары өзгертілген жаңа өтінім беру жолымен жүзеге асырылады.
8. Өтінімнің күшін жою:
  - 1) сауда-саттық жүйесінде сауда-саттық өткізгенде – сауда-саттық жүйесінен алып тастау арқылы;
  - 2) дауыс беру тәсілімен сауда-саттық өткізгенде – сауда-саттыққа қатысушысы берген өтінімін қайтарып алуы, немесе Биржа осы өтінімнің істе еместігін мойындауы арқылы іске асырылады.
9. Өтінімде, оның мерзімінің аяқталу уақыты мен күні көрсетілуі мүмкін, бұл ретте:
  - 1) егер осы өтінімде, оның мерзімінің аяқталу уақыты мен күні көрсетілсе:  
осы өтінімде белгіленген уақыттан бұрын Биржа оның күшін жоя алмайды (осы тармақтың үшінші абзацында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп);  
осы өтінімнің істе болу мерзімі аяқталғанда немесе соңғы сауда-саттық сессиясы аяқталғаннан кейін (айтылмыш жағдайлардың қайсысы бұрын болуына байланысты) белгіленген уақыты мен күнінде Биржа оның күшін жояды;
  - 2) егер осы өтінімнің қолданыста болу мерзімінің аяқталу күні белгіленіп, ал уақыты белгіленбесе:  
бұл өтінім белгіленген күнінен бұрын Биржа оның күшін жоя алмайды;  
бұл өтінімнің күшін белгіленген күн аяқталғаннан кейін Биржа жояды.

### 3 тарау. САУДА-САТТЫҚ ӨТКІЗУ ӘДІСТЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

#### 4-бап. Сауда-саттық өткізу әдістері

1. Биржа мынадай сауда-саттық өткізу әдістерін қолданады:
  - 1) үздіксіз қарсылама аукцион әдісі;
  - 2) тікелей мәміле жасасу әдісі;
  - 3) фиксинг әдісі;
  - 4) франкфурттық сауда-саттық әдісі;
  - 5) арнайы мамандандырылған сауда-саттық әдісі;
  - 6) ағылшын сауда-саттық әдісі;
  - 7) голландиялық сауда-саттық әдісі;
  - 8) жазылым әдісі.
2. Үздіксіз қарсылама аукцион және жазылу әдістері сауда-саттықты тек сауда-саттық жүйесінде өткізілгенде ғана қолданылады.

3. Осы Қағидада, Биржаның басқа да ішкі құжаттарында, Биржаның қызметтік құжаттамасы мен хат-алмасуында биржа туралы ақпарат келесідей терминдер теңдей қолданылады:
  - 1) "франкфурттық сауда-саттық әдісімен өткізілетін сауда-саттық" және "франкфурттық сауда-саттық";
  - 2) "арнайы мамандандырылған сауда-саттық әдісімен өткізілетін сауда-саттық" және "арнайы мамандандырылған сауда-саттық";
  - 3) "ағылшын сауда-саттығы әдісімен өткізілетін сауда-саттық" және "ағылшын сауда-саттық";
  - 4) "голландиялық сауда-саттық әдісімен өткізілетін сауда-саттық" және "голландиялық сауда-саттық";
  - 5) "сауда-саттықтың қандай да бір әдісімен өткізілген сауда-саттықта жасалған мәміле" және "қандай да бір әдіспен өткізілген сауда-саттықта жасалған мәміле";
  - 6) "тікелей мәміле жасасу әдісімен өткізілген сауда-саттықта жасалған мәміле" және "тікелей мәміле";
  - 7) "жазылу әдісімен өткізілген, сауда-саттықтар" және "жазылу әдісі".

#### 5-бап.

#### Сауда-саттық өткізу әдістерін жіктеу

1. Осы Қағиданың 4-бабының 1-тармағының 1), 3)-7) тармақшаларында көрсетілген әдістер ашық сауда-саттық әдістеріне жатады, яғни өтінімді қанағаттандыру немесе қанағаттандырмауы, басқа да заттар бірдей болып табылатын сауда-саттық қатысушысына ол сауда-саттыққа жіберілді және ықтимал шектелмеген қатысушылардың арасында бәсекелестік бар (жазылу әдісімен өткізілген сауда-саттыққа қарағанда және өтінімді қанағаттандыру немесе қанағаттандырмау туралы тікелей мәмілелер жасау әдісі ол оны ұсынған сауда-саттыққа қатысушы болды және мәмілелер қатаң түрде шарттық болып табылады).
2. Сауда-саттықты сауда-саттық жүйесінде өткізгенде, осы Қағиданың 4-бабының 1-тармағының 1), 3) -7) тармақшаларында көрсетілген әдістер жасырын сауда-саттық әдістеріне жатады, яғни, сауда-саттыққа қатысушылардың қайсысымен өтінім берілгені туралы және осы сауда-саттыққа қатысушының өтінімі негізінде жасалған мәміленің тараптары қай сауда-саттыққа қатысушы болып табылатыны туралы ақпараттар (Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Қағидада және Биржаның ішкі құжаттарында белгіленгенінен басқа) берілмейді.
3. Осы Қағиданың 4-бабының 1-тармағының 3) -7) тармақшаларында көрсетілген әдістер дискреттік сауда-саттық әдістеріне жатады, олар бірнеше итерациямен, осындай әр итерацияның нәтижесі бойынша жасалған мәмілелердің бағасын анықтаумен, өткізілуі мүмкін.
4. Осы Қағиданың 4-бабының 1 тармағының 5)-8) тармақшаларында көрсетілген әдістер, тұрақты емес сауда-саттық әдістеріне жатады, олар жеке тұлғалардың бастамасымен (осы Қағидаға сәйкес осындай өтініштер беруге құқылы тұлғалардың өтініші бойынша) өткізіледі.
5. Сауда-саттық өткізу әдістерінің сипаттамалары осы Қағиданың 4-9 тарауларында берілген.
6. Сауда-саттықты өткізу әдістерін практикалық қолдану Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес қаржы құралдарымен сауда-саттық өткізу шарттары мен тәртібін анықтайды, сондай-ақ:
  - 1) сауда-саттық жүйесінде сауда-саттық өткізгенде – сауда-саттық жүйесінің реттелімдеріне, сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасау

сұрақтары бойынша Биржаның түсініктеме-нұсқаулық сипаттағы материалдарына (сауда-саттық жүйесін пайдаланушыларына арналған жетекшіліктер) және Биржа маклерінің (маклерлерінің) және оның ассистентінің (ассистенттерінің) нұсқаулары мен түсініктемелеріне сәйкес;

- 2) дауыс беру тәсілімен сауда-саттық өткізгенде – Биржа маклерінің (маклерлерінің) және оның ассистентінің (ассистенттерінің) нұсқаулары мен түсініктемелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

#### **4 тарау. ҮЗДІКСІЗ ҚАРСЫЛАМА АУКЦИОН ӘДІСІ**

##### **6 бап. Үздіксіз қарсылама аукцион әдісінің негізгі ережелері**

1. Үздіксіз қарсылама аукцион әдісі мэтчинг принципіне негізделген, осыған сәйкес қандай да бір сауда-саттыққа қатысушысының қолданыстағы өтінімі осы қаржы құралы бойынша сауда-саттыққа қатысушылардың бағасы ең ұтымды қолданыстағы қарсылама өтінімдері есебінен сөзсіз қанағаттандырылады.
2. Үздіксіз қарсылама аукцион әдісін қолдану, сауда-саттыққа қатысушылардың қаржы құралдарын сатуға да, сатып алуға да өтінім беруге және осы өтінімдерді Биржа қабылданған бағасы мен уақыты бойынша сұрыпталуына тең құқықтарын болжайды.

##### **7 бап. Өтінімдерді үздіксіз қарсылама аукцион әдісімен қабылдау**

1. Үздіксіз қарсылама аукцион әдісімен сауда-саттық өткізгенде:
  - 1) сауда-саттық жүйесі, осы баптың 2 тармағына сәйкес, қанағаттандырылмаған шектелімді өтінімдердің (сатуға және сатып алуға) екі кезегін тізеді;
  - 2) өтінімдерді қанағаттандыру осы Қағиданың 8-бабының 1 және 2 тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.
2. Сауда-саттық жүйесі қанағаттандырылмаған шектелімді өтінімдердің кезегін келесі тәртіпте тізеді:
  - 1) қолданыстағы сатуға берілген өтінімдер қанағаттандырылмаған сату өтінімдері кезегіне тізіліп, олардың бағасының төмендеуіне қарай сұрыпталады (яғни, қанағаттандырылмаған сату өтінімдері кезегінде ең біріншісі болып бағасы ең төмен өтінім тұрады);
  - 2) қолданыстағы сатып алуға берілген өтінімдер қанағаттандырылмаған сатып алу өтінімдері кезегіне тізіліп, олардың бағасының өсуіне қарай сұрыпталады (яғни, қанағаттандырылмаған сатып алу өтінімдері кезегінде ең біріншісі болып бағасы ең жоғары өтінім тұрады);
  - 3) егер қанағаттандырылмаған өтінімдердің бір кезегінде тұрған өтінімдердің бағалары бірдей болса, олардың ішінде Биржамен ертерек қабылданғанының артықшылығы болады.
3. Сауда-саттықты үздіксіз қарсылама аукцион әдісімен өткізгенде, сауда-саттық жүйесінің баптауларымен нарықтық өтінімдер беру мүмкіндігі бар.
4. Сауда-саттықты үздіксіз қарсылама аукцион әдісімен өткізгенде, қаржы құралдардың кейбір топтарына Биржаның ішкі құжаттарымен немесе сауда-саттық жүйесінің баптауларымен, Биржа сауда-саттық сессиясы басталар алдында қабылдайтын, алдын ала өтінім беру мүмкіншілігі қарастырылған.

Үздіксіз қарсылама аукцион әдісімен сауда-саттық өткізгенде, сатып алуға және сатуға алдын ала өтінімдердің бағалары дәл келгенде, немесе бір-бірімен қиылысқан жағдайда, сауда-саттық өткізу ерекшеліктері осы Қағиданың 18 бабында анықталған.

**8 бап.                   Өтінімдерді үздіксіз қарсылама аукцион әдісімен қанағаттандыру**

1. Биржамен қабылданған қандай да бір шектелімді өтінімді қанағаттандыру басқа кезектегі қанағаттандырылмаған шектелімді қарсылама өтінімдер есебінен жүзеге асырылады:
  - 1) аталған өтінім, осы өтінімді берген сауда-саттыққа қатысушысына бағасы ең ұтымды болатын қарсылама өтінім есебінен қанағаттандырылады;
  - 2) аталған өтінімді қанағаттандыру басқа қанағаттандырылмаған өтінімдердің кезектілігінен бірінші қарсы өтініммен басталады және өтінім толығымен қанағаттандырылғанға дейін немесе қанағаттандырылмаған қарсылама өтінімдері тамамданғанша дейін жалғасады, олардың бағалары өтінім берген қатысушыға тиімді (аталған жағдайлардың қайсысы бірінші орын алатынына қарай);
  - 3) аталған өтінім қарсылама өтінім есебінен ішінара қанағаттандырылғанда, мәміле осы өтінімдердің ең аз көлемінде жасалды деп саналады;
  - 4) аталған өтінімді бірнеше қарсылама өтінімдер есебінен қанағаттандырғанда бағасы әр түрлі бірнеше мәмілелер жасалып, ал осындай мәмілелердің жалпы көлемі осы өтінімнің көлеміне тең немесе одан аз болуы мүмкін;
  - 5) аталған өтінім толық көлемде қанағаттандырылғаннан кейін, ол қанағаттандырылмаған өтінімдер кезегінен алып тасталады;
  - 6) егер аталған өтінім толық немесе ішінара қанағаттандырылмаса, ол аталған қағаттандырылмаған өтінімдер кезегінде сақталды.
2. Сауда-саттықты үздіксіз қарсылама аукцион әдісімен өткізгенде, сауда-саттық жүйесінің баптауларымен нарықтық өтінімдер беру мүмкіншілігі орнатылуы мүмкін, мұнда:
  - 1) қарсылама шектелімді өтінімдер болмағанда, Биржа нарықтық өтінімді қабылдамайды;
  - 2) нарықтық өтінімнің шарттары бойынша, оны кез келген қарсылама өтінімнің бағасы бойынша қанағаттандыруды немесе қанағаттандырылмаған басқа кезектегі бірінші тұрған қарсылама өтінімнің бағасымен ғана қанағаттандыруды қарастыруы мүмкін;
  - 3) нарықтық өтінімді қанағаттандыру басқа кезекте тұрған бірінші қанағаттандырылмаған қарсылама өтінім есебінен жүзеге асырудан басталып, осы өтінімнің толық көлемде қанағаттандырылғанға дейін немесе басқа кезектегі, бағасы өтінім берген сауда-саттыққа қатысушысына ұтымды болатын, қанағаттандырылмаған қарсылама өтінімдері тамамданғанша дейін жүзеге асырылуын қарастырады (аталған жағдайлардың қайсысы бірінші орын алатынына қарай); соңғы жағдайда осы өтінімнің қанағаттандырылмаған көлемінде Биржа күшін жояды;
  - 4) шарт бойынша басқа кезектегі қанағаттандырылмаған бірінші қарсылама өтінімнің бағасымен қанағаттандыру болатын нарықтық өтінімді қанағаттандыру, тек осындай қарсылама өтінімнің бағасымен және осы өтінімдердің ең аз көлемінде ғана жүзеге асырылады; егер осы өтінім толық көлемде қанағаттандырылмаса, оның шарттарына

қарай, осы өтінімнің қанағаттандырылмаған күйінде Биржамен күші жойылып, немесе осы өтінімнің қанағаттандырылмаған көлемінде шектелімді өтінімге қайта рәсімделіп, оның бағасы осы өтінімді қанағаттандырған баға, ал көлемі қанағаттандырылмаған көлемі болып табылады.

## 5 тарау. ТІКЕЛЕЙ МӘМІЛЕ ЖАСАСУ ӘДІСІ

### 9 бап. Тікелей мәміле жасау әдісінің негізгі ережелері

Тікелей мәмілелерді жасау әдісін пайдалану әрбір жеке мәміле екі сауда-саттыққа қатысушылар арасындағы келіссөздердің нәтижесі және олардың арасындағы осы мәмілені жасау туралы келісімге қол жеткізу болып табылады.

### 10 бап. Тікелей мәмілелер жасау әдісімен өтінімдерді беру және мәмілелер жасау

1. Тікелей мәмілелер жасау әдісімен сауда-саттықты өткізу кезінде мәміле жасалуы мүмкін:
  - 1) қандай да бір сауда-саттыққа қатысушысы индикативтік баға белгілеуді беріп (жариялап), кейін осы индикативтік баға белгілеуге жауап берген басқа да (соның негізінде мәміле жасасуға ниеттенген) сауда-саттыққа қатысушысымен келіссөз жасау арқылы;
  - 2) (индикативтік баға белгілеулерісіз қарсылама тікелей өтінімдер беріп (жариялап)), сауда-саттыққа қатысушылардың тікелей алдын ала келіссөздер өткізуі негізінде жасалуы мүмкін.
2. Сауда-саттыққа қатысушының индикативтік баға белгілеуді беруі (жариялауы) осы индикативтік баға белгілеу негізінде мәміле жасасуды міндеттемейді.
3. Қандай да бір сауда-саттыққа қатысушысының өтінімі, егер басқа сауда-саттыққа қатысушысы осы өтінім негізінде жасалатын мәміленің бір тарапы бірінші сауда-саттыққа қатысушысы болғанын қаламаса, екіншісінің қолданыстағы тікелей қарсылама өтінімі есебінен қанағаттандырылмайды.
4. Тікелей мәміле жасау әдісімен сауда-саттық өткізгенде сауда-саттыққа қатысушылар арасындағы келіссөздерге келген қолжетімді тәсілмен (телефон арқылы, сауда-саттық жүйесі арқылы немесе басқа да амалдармен) жүзеге асырылуы мүмкін.

## 6 тарау. ФИКСИНГ ӘДІСІ

### 11 бап. Фиксинг әдісінің негізгі ережелері

1. Фиксинг әдісі баға іздеу принципіне негізделіп, Биржамен қабылданған сатуға және сатып алуға өтінімдердің жалпы көлемі арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді.
2. Сауда-саттықты фиксинг әдісімен өткізер алдында Биржа маклері:
  - 1) қажет болса сауда-саттыққа қатысушыларымен қаржы құралының артық көрінетін бастапқы (әуелгі) бағасы туралы кеңес беруді өткізеді (егер Биржаның ішкі құжаттарымен қаржы құралының осындай бастапқы (әуелгі) бағасын анықтау тәсілі белгіленбесе);
  - 2) сауда-саттыққа қатысушылардан оларға артық көрінетін қаржы құралының бағасын өзгерту қадамдары және Биржамен қосымша



өтінімдерді қабылдау кезеңінің ұзақтылығы туралы сұрастыруға құқылы;

- 3) Биржаның базалық өтінімдерді қабылдауын, қаржы құралының бастапқы (әуелгі) бағасын, Биржамен базалық өтінімдерді қабылдау кезеңінің ұзақтығын, сонымен қатар Биржамен қосымша өтінімдерді қабылдау кезеңінің ұзақтығын жариялайды.

**12 бап. Фиксинг әдісімен өтінімдерді қабылдау**

1. Биржаның базалық өтінімдерді қабылдау кезеңінде өтінімдер сауда-саттық қатысушыларымен тек қаржы құралының бастапқы (әуелгі) бағасымен ғана беріле алады.
2. Сауда-саттықты фиксинг әдісімен өткізгенде, нарықтық өтінімдерді ұсыну мүмкін емес.
3. Биржаның базалық өтінімдерді қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейін Биржа қабылдаған базалық өтінімдердің жиынтық тізімі құрастырылып, оған келесі мәліметтер енгізіледі:  
барлық негізгі сатуға өтінімдерінің сомалық көлемі туралы;  
барлық негізгі сатып алуға өтінімдердің сомалық көлемі туралы;  
сатуға және сатып алуға арналған базалық өтінімдердің сомалық көлемінің (оң және теріс) айырмашылық көлемі туралы.
4. Сатуға, сондай-ақ сатып алуға базалық өтінімдер берілмесе, Биржамен фиксинг әдісімен сауда-саттық іске аспады деп жарияланады.

**13 бап. Фиксинг әдісімен өтінімдерді қанағаттандыру**

1. Фиксинг әдісімен сауда-саттық өткізгенде, Биржамен қабылданған сатуға және сатып алуға базалық өтінімдердің сомалық көлемдері арасындағы тепе-теңдік (нөлдік айырмашылық) жағдайында, саудасаттық бір мезгілде ашық та, жабық та деп жарияланады, ал мәмілелер Биржамен қабылданған сатып алуға және сатуға базалық өтінімдердің көлеміндегі қаржы құралының бастапқы (әуелгі) бағасымен жасалады.
2. Фиксинг әдісімен сауда-саттық өткізгенде, Биржамен қабылданған сатуға және сатып алуға базалық өтінімдердің сомалық көлемдері арасындағы тепе-теңдік (нөлдік айырмашылық) болмаса, фиксинг әдісімен сауда-саттық өткізу ашық деп жарияланып, сауда-саттыққа қатысушылар қаржы құралдарын бастапқы (әуелгі) бағамен сатуға және сатып алуға қосымша өтінімдер беруге құқық алады.
3. Фиксинг әдісімен сауда-саттық өткізгенде, Биржамен қабылданған сатуға және сатып алуға базалық өтінімдердің сомалық көлемдері (қаржы құралының бастапқы (әуелгі) бағасы бойынша берілген негізгі және қосымша өтінімдер) арасындағы тепе-теңдік (нөлдік айырмашылық) жағдайында фиксинг әдісімен өткізілетін сауда-саттық жабық деп жарияланып, ал мәмілелер Биржамен қабылданған сатып алуға және сатуға қаржы құралының көлемдерінде (қаржы құралына базалық өтінімдері және қосымша өтінімдердің бастапқы (әуелгі) бағасымен) жасалады.
4. Егер Биржамен сатуға қабылданған (қаржы құралдарының бастапқы (әуелгі) бағасы бойынша негізгі және қосымша) өтінімдердің сомалық көлемдері Биржамен сатып алуға қабылданған (қаржы құралдарының бастапқы (әуелгі) бағасы бойынша негізгі және қосымша) өтінімдердің сомалық көлемдерінен асса, онда қаржы құралының бағасы бастапқы (әуелгі) бағасынан бір қадамға түсіріледі.

5. Егер Биржамен сатып алуға қабылданған (қаржы құралдарының бастапқы (әуелгі) бағасы бойынша негізгі және қосымша) өтінімдердің сомалық көлемдері Биржамен сатуға қабылданған (қаржы құралдарының бастапқы (әуелгі) бағасы бойынша негізгі және қосымша) өтінімдердің сомалық көлемдерінен асса, онда қаржы құралының бағасы бастапқы (әуелгі) бағасынан бір қадамға көтеріледі.
6. Осы баптың 4 және 5-тармақтарына сәйкес қаржы құралы бағасының өзгеруі жағдайында сауда-саттық осы баптың 7 және 8-тармақтарына сәйкес жүргізіледі.
7. Қаржы құралының бағасы бір қадамға өзгертілгеннен кейін сауда-саттыққа қатысушылар осылайша өзгертілген қаржы құралының бағасымен сатуға және сатып алуға қосымша тапсырыстарын беруге құқық алады; бұл ретте:
  - 1) сауда-саттыққа қатысушылар қосымша өтінімдерін Биржамен қабылданған сатуға және сатып алуға негізгі және қосымша өтінімдердің сомалық көлемінің арасындағы айырмашылықты азайту бағытында ғана ұсына алады;
  - 2) Биржа қабылдаған сатуға және сатып алуға негізгі және қосымша өтінімдердің сомалық көлемдері арасындағы айырмашылықтан асатын қосымша өтінім, Биржамен тек осындай айырмашылық көлемінде ғана қабылданады;
  - 3) Биржа қосымша өтінімдерді, тек оларды беру кезегіне сәйкес қабылдайды;
  - 4) егер Биржа сатуға қабылдаған негізгі және қосымша өтінімдердің сомалық көлемі Биржа сатып алуға қабылдаған негізгі және қосымша өтінімдердің сомалық көлемінен асса, қаржы құралының бағасы алдында өзгертілген бағасынан бір қадамға төмендетіледі;
  - 5) егер Биржа сатып алуға қабылданған негізгі және қосымша өтінімдердің сомалық көлемі Биржа сатуға қабылдаған негізгі және қосымша өтінімдердің сомалық көлемінен асса, қаржы құралының бағасы алдында өзгертілген бағасынан бір қадамға көтеріледі.
8. Осы баптың 7-тармағында көрсетілген рәсімдер Биржа қабылдаған сатуға және сатып алуға арналған негізгі және қосымша өтінімдердің жалпы мөлшері арасындағы тепе-теңдікке (нөлдік айырмашылыққа) қол жеткізілгенге дейін және осындай тепе-теңдікке қол жеткізілген қаржы құралының бағасын белгілеуге дейін қайталануға жатады.

Қаржы құралдарының бекітілген бағасымен сатуға және сатып алуға Биржа қабылдаған негізгі және қосымша өтінімдердің сомалық көлемдері арасында тепе-теңдікке (нөлдік айырмашылыққа) жеткенде, фиксинг әдісімен өткізілетін сауда-саттық жабық деп жарияланып, мәмілелер қаржы құралының бекітілген бағасы бойынша Биржа сатуға және сатып алуға қабылдаған негізгі және қосымша өтінімдердің көлемдерінде жасалады.
9. Фиксинг әдісімен өткізілетін сауда-саттық бір итерацияда немесе сауда-саттыққа қатысушылардың қалауларына сәйкес көп болуы мүмкін.

**14 бап.**

**Сауда-саттықты фиксинг әдісімен дауыс беру тәсілімен өткізуі ерекшеліктері**

1. Сатуға және сатып алуға базалық өтінімдер жазбаша түрде берілуі тиіс.
2. Қосымша өтінімдерді беру кезегіне байланысты дау-дамайлар Биржа маклерінің (маклерлерінің) пікіріне негізделіп шешіледі, оның (олардың) пікірі түпкілікті болып табылып, шағынуға жатпайды; сонымен бірге, қосымша өтінімдерді беру бойынша даулы жағдайларды әділ шешу

мақсатында Биржа маклері (маклерлері) сауда-саттыққа қатысушылардың және өзінің ассистентінің (ассистенттерінің) пікірін сұрауға құқылы.

3. Сауда-саттықты өткізу аяқталғаннан кейін Биржа қабылдаған ауызша қосымша өтінімдер жазбаша түрде расталуы тиіс.
4. Базалық және қосымша өтінімдердің бланкілері сауда-саттыққа қатысушыларына Биржа береді.

## **7 тарау. ФРАНКФУРТТЫҚ САУДА-САТТЫҚ ӘДІСІ**

### **15 бап. Франкфуртық сауда-саттық әдісінің негізгі ережелері**

Франкфуртық сауда-саттық әдісі кесімді бағасын табуға негізделген.

### **16 бап. Франкфуртық сауда-саттық әдісімен өтінімдерді қабылдау**

1. Биржаның базалық өтінімдерді қабылдау кезеңінде сауда-саттыққа қатысушылары өздері анықтайтын қаржы құралының бағасына базалық өтінімдерді ұсынады.
2. Франкфуртық сауда-саттығын дауыс беру тәсілімен өткізгенде:
  - 1) сатуға және сатып алуға базалық өтінімдер жазбаша түрде берілуі тиіс;
  - 2) қосымша өтінімдерді беру кезегіне байланысты дау-дамайлар Биржа маклерінің (маклерлерінің) пікіріне негізделіп шешіледі, оның (олардың) пікірі түпкілікті болып табылып, шағынуға жатпайды; сонымен бірге, қосымша өтінімдерді беру бойынша даулы жағдайларды әділ шешу мақсатында Биржа маклері (маклерлері) сауда-саттыққа қатысушылардың және өзінің ассистентінің (ассистенттерінің) пікірін сұрауға құқылы;
  - 3) Биржамен қабылданған ауызша қосымша өтінімдер сауда-саттық аяқталғаннан кейін жазбаша түрде расталуы тиіс;
  - 4) негізгі және қосымша өтінімдердің бланкілерін сауда-саттыққа қатысушыларына Биржа береді.
3. Франкфуртық сауда-саттық өткізгенде нарықтық өтінімдер берілмейді.

### **17 бап. Франкфуртық сауда-саттық әдісімен өтінімдерді қанағаттандыру**

1. Биржамен базалық өтінімдерді қабылдау кезеңі аяқталғанда, Биржа қабылдаған базалық өтінімдердің жиынтық тізімі (бағаның азаю тәртібінде) құрылып, оған мынадай мәліметтер кіреді:

әр жеке баға бойынша және одан жоғары, сатуға базалық өтінімнің сомалық көлемі туралы (өсім қорытындысымен);

әр жеке баға бойынша және одан төмен, сатып алуға базалық өтінімнің сомалық көлемі (өсім қорытындысымен) туралы;

әр жеке баға бойынша мәміле жасасуға ықтимал, мәмілелердің сомалық көлемінің мүмкін болатын максималды көлемі туралы;

әр жеке баға бойынша және одан жоғары (өсім қорытындысымен) сатуға және әр жеке баға бойынша және одан төмен (өсім қорытындысымен) сатып алуға базалық өтінімдердің сомалық көлемі арасындағы айырмашылықтың (оң және теріс) көлемі туралы;

сатуға барлық базалық өтінімдердің сомалық көлемі туралы;

барлық негізгі сатып алуға өтінімдердің сомалық көлемі туралы;

2. Франкфурттың сауда-саттығының итерациясы Биржа деп танылып, жарияланды және Биржа қабылдаған барлық базалық өтінімдерді келесі жағдайларда тоқтатады:

сатуға және/немесе сатып алуға базалық өтінімдер берілмеген жағдайда;

егер сатуға берілген өтінімде көрсетілген қаржы құралының минималды бағасы сатып алуға берілген өтінімде көрсетілген қаржы құралының максималды бағасынан асқан жағдайда.

3. Осы баптың 2-тармағында аталған жағдайлар болмағанда, франкфурттық сауда-саттық итерациясы басталды деп саналады да, кесімді бағасы белгіленеді (осы баптың 4 және 5 тармақтарында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп), ал мәмілелер кесімді бағасына тең немесе одан төмен бағамен Биржа сатуға қабылдаған базалық өтінімдердің көлемінде, немесе кесімді бағаға тең немесе одан жоғары Биржа сатып алуға қабылдаған базалық өтінімдердің көлемінде (айтылмыш бағалардың қайсысы төмен болуына қарай) жасалады.

4. Егер қаржы құралдарының бірнеше бағалары бойынша мәмілелердің бірдей максималды ықтимал сомалық көлемі қамтамасыз етілсе, кесімді бағасы ретінде әр жеке баға бойынша және одан жоғары (өсім қорытындысымен) сатуға және әр жеке баға бойынша және одан төмен (өсім қорытындысымен) сатып алуға базалық өтінімдердің сомалық көлемдерінің айырмашылық көлемі минималды абсолютты болған кездегі бағасы таңдалады.

Қаржылық құралдың екі бағасы болса, олардың әрқайсысы бойынша айтылмыш айырмашылықпен максималды ықтимал бірдей сомалық көлемдері қамтамасыз етілсе, кесімді баға ретінде екі бағаның арасындағы (осы баптың 5-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп) орташа арифметикалық өлшемі таңдалады.

5. Осы баптың 4 тармағында аталған айырмашылық қаржы құралының бағасын өлшеу минималды бірлігінен төмен болған жағдайда, демек, кесімді баға ретінде екі бағаның ортасындағы орташа арифметикалық өлшемді таңдау мүмкін болмаса, кесімді баға ретінде:

1) егер сатудың барлық базалық өтінімдердің сомалық көлемі сатып алудың базалық өтінімдерінің сомалық көлемінен асса – бағалардың ең төменгісі;

2) егер сатып алудың барлық базалық өтінімдердің сомалық көлемі сатудың базалық өтінімдердің сомалық көлемінен асса – осы бағалардың ең жоғарғысы таңдалады.

3) сатып алуға немесе сатуға арналған алғашқы өтінімнің бағасы - егер барлық негізгі сатып алу өтінімдерінің сомалық көлемі сатуға арналған барлық базалық өтінімдердің сомалық көлеміне тең болса.

6. Дауыс беру тәсілімен франкфурттық сауда-саттығын өткізгенде кесімді баға осы баптың 1-5 тармақтарына сәйкес белгіленгеннен кейін, сауда-саттыққа қатысушылар кесімді бағамен сатуға немесе сатып алуға өтінімдер беру құқығын алады; бұл ретте:

1) егер кесімді бағамен сатып алуға базалық өтінімдердің сомалық көлемі кесімді бағасымен сатуға базалық өтінімдердің сомалық көлемінен асса –сауда-саттыққа қатысушылар тек сатуға қосымша өтінім беру құқығын алады;

2) егер кесімді бағамен сатуға базалық өтінімдердің сомалық көлемі кесімді бағамен сатып алуға базалық өтінімдердің сомалық көлемінен асса – сауда-саттыққа қатысушылар тек сатып алуға қосымша өтінім беру құқығын алады;

- 3) Биржамен сатуға және сатып алуға қабылданған негізгі және қосымша өтінімдердің сомалық көлемдері арасындағы айырмашылықтың абсолютты көлемінен асатын қосымша өтінім, тек осы айырмашылық көлемінде ғана қабылданады;
  - 4) егер бірнеше қосымша өтінім қабылданса, олардың арасында Биржамен қабылдану артықшылығы осы итерация барысында базалық өтінімдері қанағаттандырылмаған сауда-саттық қатысушыларына беріледі; мұнда базалық өтінімдердің бағасы тең болғанда базалық өтінімін Биржа ертерек қабылдаған сауда-саттыққа қатысушысының қосымша өтінімі артықшылық құқығы болады;
  - 5) қосымша өтінімдерді қанағаттандыру, сауда-саттыққа қатысушының қайсысы базалық өтінім бергенінен, басталады:  
сатуға – ең төменгі бағамен басталып, сатуға базалық өтінімдердің бағасы өсу тәртібінде жалғасады;  
сатып алуға – ең жоғарғы бағамен басталып, сатып алуға базалық өтінімдердің бағасы азаю тәртібінде жалғасады;
  - 6) егер сауда-саттыққа қатысушысының сатуға қосымша өтінімі берілмесе немесе олардың сомалық көлемі сатып алуға және сатуға базалық өтінімдердің сомалық көлемі арасындағы айырмашылық көлемінен төмен болса:  
сатуға базалық және қосымша өтінімдер түгел қанағаттандырылады;  
қаржы құралының ең жоғарғы бағасы көрсетілгенінен бастап, сатып алуға базалық өтінімдер кесімді және одан төмен бағамен сатуға берілген өтінімдерді толық қанағаттандырылғанға дейін қанағаттандырылады;
  - 7) егер сауда-саттыққа қатысушылар сатып алуға қосымша өтінімдер бермесе немесе егер олардың сомалық көлемі сатуға және сатып алуға базалық өтінімдердің сомалық көлемдері арасындағы айырмашылық көлемінен төмен болса:  
сатып алуға негізгі және қосымша өтінімдер түгел қанағаттандырылады;  
қаржы құралының ең төменгі бағасы көрсетілгенінен бастап, сатып алуға базалық өтінімдер кесімді және одан жоғары баға бойынша сатуға берілген өтінімдерді түгел қанағаттандырылғанға дейін қанағаттандырылады.
7. Осы баптың 1-6 тармақтарына сәйкес кесімді бағасымен мәмілелер жасағаннан кейін, франкфурттық сауда-саттық итерациясы іске асты және аяқталды деп мойындалып, жарияланады, ал Биржа осы итерация барысында қанағаттандырылмаған барлық өтінімдердің (осы Қағиданың 18 бабының 3 тармағында белгіленген ерекшеліктерден басқа) күшін жояды.
  8. Франкфурттық сауда-саттық итерациялары баптың 1-7 тармақтарына сәйкес өткізіліп, сауда-саттыққа қатысушылардың барлығы сатуға және сатып алуға базалық өтінімдерден бас тартқанға дейін немесе сауда-саттық сессиясы аяқталғанға дейін жүзеге асырылады (айтылмыш жағдайлардың қайсысы бұрын орын алуына қарай).

**18 бап.**

**Сауда-саттықты үздіксіз қарсылама аукционы әдісімен өткізгенде франкфурттық сауда-саттық әдісін қолдану ерекшеліктері**

1. Үздіксіз қарсылама аукционы әдісімен өткізілетін сауда-саттық аялдау тәртібіне ауыстырылып, Биржа директорлар кеңесі бекіткен «Сауда-саттық өткізу ережелері және растау жүйесінің жұмыс істеуі» атты Биржаның ішкі құжатында (бұдан әрі – Сауда-саттық Регламенті) анықталған жағдайларда,

осы Қағиданың 17-бабына сәйкес франкфурттық сауда-саттық әдісімен жүргізіледі.

2. Үздіксіз қарсылама аукцион әдісімен өткізілетін сауда-саттықты аялдау тәртібіне ауыстырғанда:
  - 1) аялдау тәртібімен қатар, осы уақытта Биржаның базалық өтінімдерді қабылдау кезеңі болып табылады;
  - 2) аялдау тәртібінің ұзақтығы сауда-саттық Регламентімен анықталады;
  - 3) сауда-саттық аялдау тәртібінде болғанда сауда-саттыққа қатысушылардың әр қайсысы басқа сауда-саттыққа қатысушылардың берген базалық өтінімдерінің бағалары мен көлемі туралы мәліметтерге қол жеткізе алады;
  - 4) сауда-саттықты аялдау тәртібіне ауыстырғанға дейін берілген өтінімдер, Биржа базалық өтінімдерді қабылдау кезеңінде күшін жоюы, сондай-ақ, олардың шарттары өзгертілуі мүмкін;
  - 5) сауда-саттық аялдау тәртібінде өткізілгенде, базалық өтінімдердің күші жойылуы, сондай-ақ олардың шарттары өзгертілуі мүмкін;
  - 6) аялдау тәртібі сауда-саттық Регламентімен анықталған уақыт ұзақтығынан кем емес уақытта (сауда-саттық сессиясының рұқсат етілетін максималды ұзақтығын және аялдау тәртібінің максималды ұзақтығын шектеулерді ескеріп) аяқталады:

Биржа соңғы базалық өтінімді қабылдау сәтінен бастап;

қандай да бір базалық өтінімнің соңғысының күшін жойған сәттен бастап;

қандай да бір базалық өтінімнің соңғысының шарттары өзгертілген сәттен бастап аяқталады;
  - 7) сауда-саттық бір итерациямен өткізіледі;
  - 8) кесімді баға, осы Қағиданың 17 бабының 1-5 тармақтарына сәйкес, анықталады.
3. Аялдау тәртібі аяқталғанда, Биржа қабылдаған қанағаттандырылмаған базалық өтінімдер, осы баптың 2 тармағына сәйкес, сауда-саттық жүйесінде қолданыстағы өтінімдер ретінде сақталады.

## 8 тарау. АРНАЙЫ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН САУДА-САТТЫҚ ӘДІСІ

### 19 бап.

#### Арнайы мамандандырылған сауда-саттық әдісінің негізгі ережелері

1. Арнайы мамандандырылған сауда-саттық әдісі тек қаржы құралын орналастыру, сату, қайта сатып алу және сатып алуға қатысты ғана қолданылады да, орналастырылатын (сатылатын, қайта сатып алынатын, сатып алынатын) қаржы құралының тек бір ғана сатушысы (осы бапта бұдан әрі – сатушы (сатып алушы)) болғанда ғана қолданылады.

Сатушы (сатып алушы) ретінде тек, арнайы мамандандырылған сауда-саттықта орналастырылуы (сатылуы, қайта сатып алынуы, сатып алынуы) болжанған қаржы құралының санатына сәйкес келетін санаттағы Биржа мүшесі ғана болуға құқылы.
2. Арнайы мамандандырылған сауда-саттықтар:
  - 1) осы баптың 1-тармағының екінші абзацымен белгіленген шарттарға сәйкес эмитенттің мүддесін білдіретін, Биржа мүшесі бағалы қағаздарды орналастыру немесе қайта сатып алу үшін;

- 2) осы баптың 1 тармағының екінші абзацымен белгіленген шарттарға сәйкес, аталған қаржы құралдарының эмитенттерінің мүдделерін қорғайтын Биржа мүшелері, бағалы қағаздардан басқа қаржы құралдарын орналастыру немесе қайта сатып алуы үшін;
  - 3) осы баптың 1 тармағының екінші абзацымен белгіленген шарттарға сәйкес, Биржаның кез келген мүшесі қаржы құралын сатуы немесе сатып алуы үшін арналған.
3. Арнайы мамандандырылған сауда-саттықтар сатушының (сатып алушының) қалауы бойынша бір немесе одан да көп итерациялармен өткізілуі мүмкін; мұнда арнайы мамандандырылған сауда-саттықтың бөлек итерациясы ретінде:
- 1) қаржы құралын орналастыру (сату, қайта сатып алу, сатып алу) бойынша аукцион (бұдан әрі осы Қағиданың 8-тарауында – аукцион)<sup>6</sup>;
  - 2) тек бағалы қағаздарды орналастырғанда – осы Қағиданың 23 бабына сәйкес, оларды қосымша орналастыру бойынша сауда-саттық болады.
4. Аукцион өткізгенде сатушы (сатып алушы) келесі қарсылама өтінімдердің<sup>7</sup> бірін таңдауға құқылы
- 1) ашық тәсіл,<sup>8</sup> кезінде сатушы (сатып алушы) сауда-саттыққа қатысушылармен<sup>9</sup> берілген қарсылама өтінімдердің бағасы мен көлемі туралы мәліметтерге, ал сауда-саттыққа қатысушылардың әрқайсысы басқа сауда-саттыққа қатысушылары берген қарсылама өтінімдердің бағасы мен көлемі туралы мәліметтерге қол жеткізе алады;
  - 2) жабық тәсіл кезінде қарсылама өтінімнің бағасы мен көлемі туралы мәліметке тек сауда-саттыққа қатысушы сатушыға ғана қолжетімді болады.
5. Аукцион өткізгенде сатушы (сатып алушы) келесі шектелімді қарсылама өтінімдерін қанағаттандыру тәсілдерінің бірін (орналастырылатын (сатылатын, қайта сатып алынатын немесе сатып алынатын) қаржы құралының түрінің ерекшеліктерінен туындайтын шектеулерді ескеріп):
- 1) өтінімнің бағасына қарай:  
кесімді баға бойынша; немесе  
кесімді бағаға тең немесе сатушыға (сатып алушыға) қолайлы болып табылатын шектелімді қарсы өтінімдердің бағалары бойынша;
  - 2) өтінімдерді беру кезектілігіне байланысты:  
Биржаның қарсылама өтінімдерін алған кезде; немесе  
қарсылама өтінімдердің мөлшеріне пропорционалды.
6. Егер қарсылама өтінімдер Биржа алған уақытқа қанағаттандырылса, ең алдымен Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдер қанағаттандырылады.
- Қарсылама өтінімдерді олардың мөлшеріне тепе-тең мөлшерде қарсы алған кезде, олар Биржа қабылдаған уақытқа қарамастан, қарсылама өтінімдердің сомалық көлемі олардың сомалық көлемнің қатынасына қарай

---

<sup>6</sup> Қаржы құралдарын орналастыру (сату, қайта сатып алу, сатып алу) бойынша бірнеше аукцион өткізуге рұқсат етіледі

<sup>7</sup> Осында және осы бапта бұдан әрі қарсылама өтінім деп сатып алуға (қаржы құралын орналастыру немесе сату) өтінімдерін немесе сатуға (қаржы құралын қайта сатып алу немесе сатып алу) өтінімін түсіну керек

<sup>8</sup> Қарсылама өтінімді ашық тәсілмен беру тек сауда-саттық жүйесіндегі арнайы мамандандырылған сауда-саттығын өткізгенде ғана мүмкін.

<sup>9</sup> Осында және осы бапта бұдан әрі, сатушы (сатып алушы) сауда-саттыққа қатысушылар санына кірмейді.

қанағаттандырылады. Өтінімдерді олардың мөлшеріне тепе-тең мөлшерде қанағаттандыру, егер бірдей бағамен ұсынылған шектелген қарсылама өтінімдердің жалпы саны сатушының (сатып алушының) өтінімінің қанағаттанарлықсыз мөлшерінен асып кетсе, қалған нарықтық өтінімдерді қанағаттандырудан кейінгі және шектелген қарсылама өтінімдерді жоғары бағамен бергеннен кейін қалдырып, қалған шектелген қарсылама өтінімдерді алу уақытының арасындағы айырмашылықтар осы өтінімдерді қанағаттандыру әдісін пайдалануды олардың қабылдау жарнамасы кезінде болуын сөзсіз қарастыруға мүмкіндік бермейді.

7. Сатушы (сатып алушы) аукционды өткізу кезінде нарықтық қарсылама өтінімдерді қанағаттандырудың келесі әдістерінің бірін (сатылатын (сатып алынған, қайта сатып алынған, сатып алынған) қаржы құралының түрлерінің ерекшеліктерінен туындайтын шектеулерді ескере отырып) таңдауға құқылы:
  - 1) кесімді баға бойынша;
  - 2) кесімді бағаға тең немесе сатушыға (сатып алушыға) ұтымды болып табылатын, шектелімді қарсылама өтінімдердің орташа сараланған бағасымен таңдауға құқылы.
8. Аукционды өткізу кезінде сатушы (сатып алушы) сатуға (сатуға, қайта сатып алуға, сатып алуға) орналастырудың ең көп сомасы сатылатын (сатылған, қайта сатып алынған, сатылатын) қаржы құралының бағаланатын санынан 5% аспауы керек.
9. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру бойынша (сату, кері сатып алу, сатып алу) аукцион өткізгенде Ұлттық Банк осы аукционға қатысушыларға талаптар (критерийлер) орнатуға құқылы.
10. Аукцион өткізу үшін сатушы (сатып алушы) осы Қағиданың қосымшасының нысаны бойынша (бұдан әрі осы бапта – өтінім) өтінімді Биржаға ұсыну қажет, Биржаның "KASE Private Market алаңында мәмілелерді жасау және есеп айырысу ережелері" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес, Биржаға ұсынылған, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің акцияларымен өткізілетін мамандандырылған сауда-саттыққа өтінімдерді қоспағанда.
11. Биржа талап етуге құқылы және сатушы (сатып алушы) өтінімге Биржаның пікірі бойынша арнайы мамандандырылған сауда-саттықты ұйымдастыруға және өткізуге қажетті II тарауда айтылғаннан басқа, басқа да шарттарды енгізуге міндетті.
12. Өтініште көрсетілетін, ашық тәсілмен берілетін қарсылама өтінімді Биржа қабылдау мерзімін рұқсат етілген максималды ұзарту уақыты 0 минуттан 60 минутқа дейін болуы мүмкін.
13. Өтініште белгіленетін нарықтық қарсылама өтінімдерін қанағаттандыру дәрежесі 0-ден 70 %-ға дейін болуы мүмкін
14. Кепілдік жарна Биржаның , "Мемлекеттік акциялар пакеті. Сауда-саттықта сатуға рұқсат ету және сауда-саттық қорытындылары бойынша есептесу тәртібі" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес мемлекеттік акциялар пакетін сатуға арналған сауда-саттық кезінде қолданылады. Сауда-саттық қорытындысы бойынша сауда-саттықта және есеп айырысуда сатуға рұқсат беру тәртібі.
15. Өтінімді сатушы (сатып алушы) үшін аукцион күні таңдалғанға дейін (осы тармақтың екінші абзацында көрсетілгенді қоспағанда) үш жұмыс күнінен кешіктірмей өтінімді Биржа алуы тиіс.

Мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру (сату, қайта сатып алу, сатып алу) бойынша аукцион өткізгенде сатушы (сатып алушы) Ұлттық Банк қолданыста болған жағдайда, өтінімді аукционды өткізу күніне дейін бір



жұмыс күнінен кешіктірмей, бірақ сауда-саттық басталғанға дейін кем дегенде 24 сағат бұрын алуға тиіс.

16. Аукцион, сатушының (сатып алушының) өтінішінде белгіленген айтылмыш аукционды өткізудің ыңғайлы күнін (кезеңі) ескере отырып, Биржамен белгіленген күні өткізіледі.

Аукционның күнін (кезеңін) және уақытын кейінгі кезеңге және алғашқы өтінім берілген сәттен бастап екі реттен артық емес өзгертуге жол беріледі. Сатушының (сатып алушының) өтінімнің II тарауында көрсетілген мамандандырылған сауда-саттығын өткізудің басқа шарттарына өзгерістер мен/немесе толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

17. Биржа аукционды өткізу күнін анықтағаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, осы аукционда ақпараттық хабарлама Биржаның интернет-сайтында жарияланады.

18. Арнайы мамандандырылған сауда-саттықты бірінші рет мамандандырылған сауда-саттық күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде және ұқсас шарттармен қайта өткізуге болады.

Қайталама арнайы мамандандырылған сауда-саттық өткізу туралы өтінім сауда-саттық барысында Биржа қабылдаған немесе қаржы құралын (сатуға, қайта сатып алуға, сатып алуға) қарсы қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру туралы (кесімді бағаны таңдау туралы) сатушының (сатып алушының) шешімімен бірге ұсынылуы тиіс.

19. Биржа қабылдаған өтінім (Биржаның аукционды өткізу күнін анықтау кезінде) сатушыға (сатып алушыға) сатуға (сатып алуға) беріледі.

20. Сатушы (сатып алушы) өтінімдерді алу аяқталғанға дейін аукцион жүргізу барысында Биржадан алдын-ала ақпарат алуға құқылы емес.

21. Сауда-саттық басталғанға дейін сатушы (сатып алушы) оны жүргізуден бас тартуға құқылы; Бұл жағдайда:

- 1) сатуға (сатып алуға) сатушының (сатып алушының) өтініші күшін жойған деп танылады;
- 2) Биржа аукционды жою туралы Биржаның веб-сайтында Биржа ақпараттық хабарламасын жариялайды.

## **20 бап. Арнайы мамандандырылған сауда-саттық әдісінің өтінімдерін қабылдау**

1. Аукционды өткізу басталуымен:

- 1) сауда-саттыққа қатысушылар орналастырылған (сатылатын, қайта сатып алынатын, сатып алынатын) қаржы құралдарының өз қалауымен белгілеген бағалары бойынша қарсылама өтінімдерін беру құқығына иеленеді;
- 2) Сауда-саттыққа қатысушылардың саны екеуден аз болған жағдайда немесе Биржа қарсы шектеулі өтінімді қабылдамаған жағдайда (осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда) аукцион жарамсыз деп танылады және жарамсыз деп танылады;
- 3) егер өтінімде, оларды ашық тәсілмен бергенде, Биржаның қарсылама өтінімдерін қабылдау кезеңін ұзарту рұқсат етілген болса, осы кезең (аталған кезеңнің уақытын рұқсат етілген максималды ұзақтығын белгіленген шектеулерді ескеріп):

Биржамен соңғы қарсылама өтінімін қабылданғаннан кейін;

қандай да бір қарсылама өтінімнің соңғысының күші жойылғаннан кейін;

кез келген қарсылама өтінімнің шарттарындағы соңғы өзгеріс;

- 4) Растау жүйесіне қатысушылар, қарсылама өтінімдердің арасынан, қанағаттандырылғанда растау жүйесінің қатысушылары бақылайтын сауда-саттық шоттары қолданылатын, қарсылама өтінімдерді растау немесе олардан бас тартуы туралы Биржаға хабарлауы тиіс; егер Биржа осы өтінімдердің расталуын мақұлдау немесе бас тартуын алмаса, олардың да, Биржа қабылдамаған өтінімдер сияқты, күші жойылады.
2. Бағалы қағаздарды немесе мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздарды орналастыру немесе сатып алу, сондай-ақ мемлекеттік бағалы қағаздарды және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің акцияларын орналастыру (сату, сатып алу, сатып алу) мақсаттары үшін аукцион өткізу кезінде аукцион өткізу кезінде сауда-саттыққа қатысушылардың ең аз саны шектелмейді.  
Аукциондарды осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілгеннен өзге мақсаттарда өткізу кезінде сауда-саттыққа қатысушылардың саны кем дегенде екі болуы тиіс.

**21 бап.**

**Арнайы мамандандырылған сауда-саттық әдісінің өтінімдерін қанағаттандыру**

1. Биржа қарсылама өтінімдерді қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейін:
  - 1) қарсылама өтінімдердің күші жойыла алмайды, сондай-ақ, олардың шарттары да өзгертілмейді;
  - 2) Биржа сатушыға (сатып алушыға) қабылдаған қарсылама өтінімдердің жиынтық ақпаратізімін құрастырып, береді; көрсетілген ақпаратізімге кіретін мәліметтер көлемі орналастырылатын (сатылатын, қайта сатып алынатын, сатып алынатын) қаржы құралдарының шығару шарттары мен сатушыға (сатып алушыға) Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерін қанағаттандыру бойынша негізделген (кесімді бағаны таңдауы туралы) немесе қаржы құралын орналастырудан (сатудан, қайта сатып алудан, сатып алудан) бас тартуы туралы шешім қабылдауға қол жеткізетін өтініш параметрлері белгіленеді; Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдердің жиынтық ақпаратізіміне осы өтінімдерді берген сауда-саттыққа қатысушылар туралы мәліметтер (осы баптың 2-тармағымен белгіленген ерекшеліктерді қоспағанда) енгізілмейді;
  - 3) осы баптың 2-тармағына сәйкес, сатушы (сатып алушы) Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру (кесімді бағаны таңдау) туралы немесе қаржы құралын орналастырудан (сатудан, қайта сатып алудан, сатып алудан) бас тартуы туралы өзінің шешімін мәлімдейді; бұл ретте:

сатушының (сатып алушының) Биржамен қабылданған қарсылама өтінімдерін қанағаттандыру (кесімді бағаны таңдау) туралы шешімі оның орналастыратын (сататын, қайта сатып алатын, сатып алатын) қаржы құралдарының шығарылым шарттарына сәйкес бағасы (бағалары) бойынша және көлемдерінде орналастырылатын (сатылатын, қайта сатып алынатын, сатып алынатын) қаржы құралдарымен мәмілеге отыруға, өтініш параметрлерімен және осы шешіммен келісімін білдіреді;

сатушы (сатып алушы) Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру (кесімді бағасын таңдау) шешімін қабылдағанда, сатушы (сатып алушы) Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерді өтініште көрсетілген орналастырылуы (сатылуы, қайта сатып алынуы, сатып алынуы) мүмкін қаржы құралының көлемі шеңберінде, сондай-ақ, қолданыстағы заңнамаға және осы қаржы құралының шығарылымы шарттарына сәйкес, осы көлемнен асыра (бірақ, қаржы құралының жалпы санынан аса емес) қанағаттандыруға құқылы;

сатушы (сатып алушы) Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру (кесімді бағасын таңдау) туралы шешімін қабылдаған жағдайда айтылмыш хабарламаға кіретін мәліметтер көлемі орналастырылатын (сатылатын, қайта сатып алынатын, сатып алынатын) қаржы құралын, осы өтінімдерді берген, орналастырылатын (сатылатын, қайта сатып алынатын, сатып алынатын) қаржы құралының шығарылым шарттарына сәйкес қанағаттандырылатын, өтініш параметрлері мен осы шешімге сәйкес келетін өтінімдерді берген сауда-саттыққа қатысушылар арасында бір мәнді етіп үлестіруге Биржаға мүмкіндік беруі тиіс;

егер сатушы (сатып алушы) қаржы құралын орналастырудан (сатудан, қайта сатып алудан, сатып алудан) бас тарту шешімін қабылдаса, айтылмыш хабарламада осындай бас тартудың себептері көрсетілуі тиіс.

2. Сатушының (сатып алушының) Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерін қанағаттандыру (кесімді бағаны таңдау) немесе қаржы құралын орналастырудан бас тартуы туралы шешімін, Биржа сатушыға (сатып алушыға) қабылданған қарсылама өтінімдердің жиынтық ақпаратізімін бергеннен кейін екі сағаттан кешіктірмей (осы баптың 3 тармағында белгіленген ерекшеліктерден басқа) Биржа алуы тиіс.
3. Осы баптың 2-тармағында белгіленген шартты бұзуға, егер орналастырылған (сатылған, қайта сатып алынған, сатып алынған) қаржы құралына есеп айырысу аукцион өткізілген күннен бастап жасалса және:
  - 1) осы есептесулерді аукцион өткізген күннен кейінгі бірінші жұмыс күні жүзеге асырғанда, сатушының (сатып алушының) Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерін қанағаттандыру (кесімді бағаны таңдау) туралы немесе қаржы құралын орналастырудан (сатудан, қайта сатып алудан, сатып алуда) бас тартуы туралы шешімі аукцион өткізгеннен кейінгі бірінші жұмыс күні Биржа алматы уақытымен 11.00-ге дейін қабылданса; немесе
  - 2) аукционды өткізген күннен кейінгі екінші немесе кез келген кейінгі жұмыс күнінде осы есеп айырысуларды жасаған кезде - Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерді (кесімді бағаны таңдау туралы) немесе қаржы құралын (сату, сатып алу, сатып алу) бас тарту туралы сатушының (сатып алушының) шешімі осы есептеулерді жүзеге асыру басталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей Биржаға алынады.
4. Сатушы (сатып алушы) осы баптың 2-тармағында белгіленген міндеттемелерді бұзған жағдайда (осы баптың 3-тармағында көрсетілген рұқсат етілген ауытқу жағдайында) Биржа сатушыға (сатып алушыға) мұндай бұзушылық үшін толық жауапкершілікті және мұндай бұзушылықтың ықтимал салдарларын енгізу туралы аукционды жарияламауға құқылы.
5. Ұлттық Банктің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыру (сату, қайта сатып алу, сатып алу) бойынша аукцион өткізгенде, Биржа қарсылама өтінімдерді ұсынған сауда-саттыққа қатысушылары туралы ақпаратты өздері қабылдаған қарсылама өтінімдер туралы ақпаратізім жиынтығында ұсынады.
6. Сатушы (сатып алушы) Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру туралы шешімді (кесімді бағаны таңдау туралы) қабылдаған жағдайда:
  - 1) бірінші кезекте нарықтық қарсылама өтінімдер осы баптың 7 және 8 тармақтарына сәйкес қанағаттандырылады (егер өтініште нарықтық қарсы өтінімдерді қанағаттандыру көзделсе);
  - 2) екінші кезекте, осы баптың 9-тармағына сәйкес шектелген қарсылама өтінімдер қанағаттандырылады.

7. Биржамен қабылданған нарықтық қарсылама өтінімдерді қанағаттандыруда:
- 1) нарықтық қарсылама өтінімдердің нарықтық қарсылама өтінімдерін қанағаттандыру дәрежесі шегінде қанағаттандырылады;
  - 2) нарықтық қарсылама өтінімдер белгілі бір өтініммен (кесімді бағамен немесе кесімді бағаға тең немесе сатушыға (сатып алушыға) тиімдірек болатын шектелген қарсылама өтінімдердің орташа бағасымен) қанағаттандырылады;
  - 3) нарықтық қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру деңгейінен асып кетуіне байланысты барлық нарықтық қарсы өтінімдерді қанағаттандыру мүмкін болмаған жағдайда, олар нарықтық қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру дәрежесі бойынша рұқсат етілген шектерде (осы баптың 5-тармағында белгіленген ерекшелікті ескере отырып) қанағаттандырылады.
8. Егер осы баптың 4-тармағына сәйкес нарықтық қарсылама өтінімдерді қатаң түрде пропорциялық қанағаттандыру мүмкін болмаса:
- 1) жеке нарықтық қарсылама өтінімдер негізінде мәміленің көлемі мынадай түрде анықталады:

осы өтінімнің көлемі нарықтық қарсылама өтінімдер негізінде (нарықтық қарсылама өтінімдерді қанағаттандырудың рұқсат етілген дәрежесі шеңберінде) мәмілелердің ықтимал сомалық максималды көлемінің нарықтық қарсылама өтінімдерінің сомалық көлемінің арасалмағына көбейтіледі;

осы тармақтың екінші абзацына сәйкес табылған өлшем, ең жақын бүтін санға қарай азайту арқылы дөңгелектеніп, осы өтінім негізінде жасалған мәміле көлемі болып табылады;
  - 2) мәмілелер осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес анықталған нарықтық қарсылама өтінімдердің көлемдері негізінде жасалады; егер, осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес анықталған нарықтық қарсылама өтінім негізінде жасалған мәміленің көлемі нөлге тең болса, мұндай өтінім қанағаттандыруға жатпайд;
  - 3) нарықтық қарсылама өтінімдер негізіндегі мәмілелердің ықтимал максималды сомалық көлемі (нарықтық қарсылама өтінімдерді қанағаттандырудың рұқсат етілген дәрежесі шеңберінде) және осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес жасалған мәмілелердің сомалық көлемі арасындағы айырмасы анықталады;
  - 4) осы тармақтың 3) тармақшасына сәйкес анықталған айырмашылық осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес қанағаттандырылған нарықтық қарсылама өтінімдер арасында келесідей үлестіріледі:

нарықтық қарсылама өтінімдер негізінде жасалған мәмілелердің көлемі қаржы құралының бір бірлігіне (әрқайсысы) көбейтіледі; мұнда Биржаның қабылдаған уақыты бойынша ертерек берілген өтінімдерді артығырақ көреді;

осы тармақтың екінші абзацына сәйкес, мәмілелердің көлемін көбейту айтылмыш айырмашылық жоққа шыққанға дейін немесе осы тармақтың төртінші абзацында көрсетілген жағдайлар орын алғанға дейін (айтылмыш жағдайлардың қайсысы бұрын болуына қарай) жалғастырылады;

осы тармақтың екінші абзацына сәйкес, нарықтық қарсылама өтінім негізінде мәміленің көлемін көбейту осы өтінімнің көлемінен асып түсуге әкеп соқтырса, көбейту іске асырылмайды.

9. Биржа қабылдаған шектелімді қарсылама өтінімдерді қабылдау уақытын қанағаттандыру арқылы Биржаның қарсылама өтінімдерін қанағаттандырған кезде:
- 1) қанағаттандырылатын, шектелімді қарсылама өтінімдердің сомалық көлемі сатушының (сатып алушының) сатуға (сатып алуға) өтінімінің көлемі мен, осы баптың 7 және 8 тармақтарына сәйкес жасалған, нарықтық қарсылама өтінімдер негізіндегі мәмілелердің сомалық көлемі арасындағы айырмасынан асуы мүмкін емес;
  - 2) шектелімді қарсылама өтінімдер, өтініште белгіленген тәсілмен (кесімді баға бойынша, немесе кесімді бағаға тең немесе сатушыға (сатып алушыға) ең ұтымды болып табылатын шектелімді қарсылама өтінімдердің бағасымен) қанағаттандырылады;
  - 3) шектелімді қарсылама өтінімдер сатушыға (сатып алушыға) ең ұтымды болып табылатын бағасы көрсетілген өтінімнен бастап қанағаттандырыла бастайды;
  - 4) шектелімді қарсылама өтінімдердің бағалары бірдей болғанда, Биржаның өтінімдер қабылау уақытына сәйкес олардың Биржаға ертерек берілгені артықшылық болады;
  - 5) шектелімді қарсылама өтінім (осы тармақтың 1)-4) тармақшаларында белгіленген шектелімді қарсылама өтінімді қанағаттандыру тәртібіне қарай) тек ішінара қанағаттандырылуы мүмкін.
10. Егер Биржа қарсылама өтінімдердің пропорциялы мөлшеріне қарай қанағаттандыру тәсілі бойынша шектелген қарсылама өтінімдерді қабылдайтын болса:
- 1) мәміленің мөлшері жеке шектелген қарсылама өтінім негізінде келесі түрде анықталады:

осы өтінімнің көлемі шектелімді қарсылама өтінімдер негізіндегі мәмілелердің максималды мүмкін болатын жиынтық көлемінің шектелімді қарсылама өтінімдердің жиынтық көлеміне қатынасына көбейтіледі;

осы тармақшаның екінші абзацына сәйкес табылған көлем, азайту жағына қарай ең жақын бүтін санға дейін дөңгелектенеді де, осы мәміленің негізіндегі мәміле көлемі болып табылады;
  - 2) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес анықталған, шектелімді қарсылама өтінімдердің көлемі негізінде мәмілелер жасалады, егер, осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес анықталған, шектелімді қарсылама өтінім негізіндегі мәміле көлемі нөлге тең болса, осы өтінім қанағаттандырылмайды;
  - 3) шектелімді қарсылама өтінімдер негізіндегі мәмілелердің максималды мүмкін болатын жиынтық көлемі және осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес жасалған мәмілелердің жиынтық көлемі арасындағы айырмасы анықталады;
  - 4) осы тармақтың 3) тармақшасына сәйкес анықталған айырмасы, осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес қанағаттандырылған, шектелімді қарсылама өтінімдер арасында келесідей бөлінеді:

шектелімді қарсылама өтінімдер негізіндегі мәмілелердің көлемі қаржы құралының бір бірлігіне (әрқайсысы) көбейеді, бұл ретте Биржа қабылдаған уақытқа сәйкес ертерек берілген шектелімді қарсылама өтінімдерді артығырақ көреді;

осы тармақтың екінші абзацына сәйкес, мәмілелердің көлемін көбейту айтылмыш айырмашылық жоққа шыққанға дейін немесе осы тармақтың төртінші абзацында көрсетілген жағдайлар орын алғанға

дейін (айтылмыш жағдайлардың қайсысы бұрын болуына қарай) жалғастырылады;

осы тармақтың екінші абзацына сәйкес, нарықтық қарсылама өтінім негізінде мәміленің көлемін көбейту осы өтінімнің көлемінен асып түсуге әкеп соқтырса, көбейту іске асырылмайды.

11. Арнайы мамандандырылған сауда-саттықтарда жасалатын мәмілелер бойынша есеп айырысуларды осы тармақтың үшінші абзацында белгіленген ерекшелікті ескере отырып, Орталық депозитарий өзінің ережелеріне сәйкес жүзеге асырады.

Арнайы мамандандырылған сауда-саттықтарда жасалған мәмілелерді есеп айырысуды жүзеге асырғандағы Биржа мен Орталық депозитарийдің өзара әрекеті Орталық депозитариймен жасалған сауда-саттықты ұйымдастырушының қызметтері туралы келісіммен реттеледі.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің акцияларымен жасалатын мәмілелер бойынша есеп айырысу Биржаның "KASE Private Market" сайтында мәмілелер жасасу және есеп айырысуды жүзеге асыру ережелері<sup>10</sup> ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырылады.

## **22 бап. Сауда-саттықтан кейінгі процедуралар**

1. Аукцион аяқталғаннан кейін (осы Қағиданың 21-бабының 3-7-тармақтарына сәйкес қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру аяқталғаннан кейін), Биржа сатушыға (сатып алушыға) осы аукционда жасалатын мәмілелердің жиынтық ақпаратімін береді, оған осы мәмілелерді жасасқан сауда-саттыққа қатысушылары туралы ақпараттар енгізіледі.
2. Мәмілелердің жиынтық ақпаратімі есебінде көрсетілген ақпарат құпия болып табылады және тек осы ақпаратты ашу үшін толық жауапкершілікті көтеретін сатушы (сатып алушы) үшін және осындай жарияланудың ықтимал салдарлары үшін арналған.

## **23 бап. Арнайы мамандандырылған сауда-саттықта орналастырылған бағалы қағаздарды қосымша орналастыру бойынша сауда-саттық өткізудің ерекшеліктері**

1. Арнайы мамандандырылған сауда-саттықта орналастырылған бағалы қағаздарды қосымша орналастыру бойынша сауда-саттық (бұдан әрі – осы бапта - қосымша орналастыру бойынша сауда-саттық) аукцион өткізілген күні ғана өткізілуі мүмкін.
2. Қосымша орналастыру бойынша сауда-саттықты өткізгенде:
  - 1) сауда-саттыққа қатысушыларға сатып алуға ұсынылатын бағалы қағаздардың бағасын қосымша орналастырылатын бағалы қағаздардың жалғыз сатушысы (осы бапта бұдан әрі – сатушы<sup>10</sup>) аукцион қорытындысы бойынша анықтайды;
  - 2) сауда-саттыққа қатысушылар тек нарықтық қарсылама өтінімдерін бере алады.
3. Қосымша орналастыру бойынша сауда-саттық өткізу үшін сатушы Биржаға еркін нысандағы өтінішті (осы бапта бұдан әрі – өтінім) ұсыну қажет, ол туралы ақпаратты қамтуы тиіс:
  - 1) қосымша орналастырылатын бағалы қағаздардың саны туралы;
  - 2) қосымша орналастырылатын бағалы қағаздардың бағасы туралы;

---

<sup>10</sup> Осы және бұдан әрі осы бапта сатушы сауда-саттыққа қатысушылардың қатарына кірмейді.

- 3) Биржамен қарсылама өтінімдерді қабылдау кезеңінің басталу және аяқталу уақыты туралы;
  - 4) қарсылама өтінімдер беру тәсілі туралы (ашық немесе жабық);
  - 5) қоса орналастырылатын бағалы қағаздар бойынша есептесу шарттары туралы;
  - 6) осы сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу үшін сатушының пікірі бойынша қажетті басқа да ақпарат болуы мүмкін.
4. Биржа қосымша талап етуді талап етуге құқылы және сатушы (сатып алушы) қосымша орналастыруға арналған сауда-саттықты ұйымдастыруға және өткізуге осы баптың 3-тармағында көрсетілгеннен басқа, Биржаның пікірі бойынша қажетті басқа ақпарат пен міндеттемелерді енгізуге міндетті.
  5. Өтінішке қоса сатушының Биржа аукцион өткізу барысында қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру (кесімді бағаны таңдау) туралы шешімі Биржаға берілуі тиіс.
  6. Қоса орналастыру бойынша сауда-саттық өткізу уақыты, қаржы құралдар топтарына белгіленген сауда-саттық Регламентімен осы қосымша орналастырылуға жататын бағалы қағаздар үшін анықталған сауда-саттық өткізу уақытына сәйкес келуі тиіс.
  7. Биржа қабылдаған өтініш сатушының сатуға берген өтінімі деп саналады.
  8. Биржа өтінішті қабылдағаннан кейін 30 минуттан соң, өтініш сауда-саттыққа әлеуетті қатысушыларға (электрондық пошта немесе сауда-саттық жүйесі арқылы) беріледі, сондай-ақ, Биржа сайтында қосымша орналастыру бойынша ақпараттық хабарлама жарияланады.
  9. Сауда-саттық басталғанға дейін сатушы оны өткізуден бас тартуға құқылы, бұл жағдайда:
    - 1) сатушының өтінімі күшін жойды деп саналады;
    - 2) Биржа сауда-саттыққа әлеуетті қатысушыларына (электрондық пошта немесе сауда-саттық жүйесі арқылы), сондай-ақ, Биржа сайтында ақпараттық хабарлама жариялап, сауда-саттық болмайтыны туралы хабарлайды.
  10. Қосымша орныластыру сауда-саттығы басталысымен:
    - 1) сауда-саттыққа қатысушылар қарсылама өтінімдер беру құқығына иеленеді;
    - 2) егер Биржа ешбір қарсылама өтінім қабылдаса, қосымша орналастыру бойынша сауда-саттық болмады деп мойындалып, жарияланады;
    - 3) Растау жүйесіне қатысушылар, қанағаттандырылғанда Растау жүйесіне қатысушылары бақылайтын сауда-саттық шоттары қолданылатын, қарсылама өтінімдерін растау немесе бас тартуы туралы Биржаға хабарлауы тиіс; егер Биржа осы өтінімдердің расталуын мақұлдауын немесе бас тартуын алмаса, олардың да, Биржа қабылдамаған өтінімдер сияқты, күші жойылады.
  11. Биржаның қарсылама өтінімдерді қабылдау кезеңі аяқталғанда:
    - 1) қарсылама өтінімдердің күші жойыла алмайды, сондай-ақ олардың шарттары да өзгертілмейді;
    - 2) Биржа сатушыға қабылданған қарсылама өтінімдердің сомалық көлемі туралы мәліметтерді құрастырып, береді;
    - 3) сатушы, осы баптың 14 тармағына сәйкес, Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерін қанағаттандыру немесе қосымша

орналастырудан бас тартуы туралы шешімін Биржаға хабарлауы тиіс; бұл ретте:

сатушының Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерін аукцион нәтижелері бойынша анықталған баға бойынша қанағаттандыру туралы шешімі, қосымша орналастырылатын бағалы қағаздар шығарылымының шарттарына сәйкес, өтініш параметрлері мен осы шешімге сәйкес, оның қосымша орналастырылатын бағалы қағаздарымен мәміле жасасуға келісімін білдіреді;

сатушы Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру туралы шешім қабылдағанда, сатушы Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерді өтініште көрсетілген қосымша орналастырылатын бағалы қағаздардың саны көлемінде де, осындай көлемнен асырып та (бірақ заңнамаға сәйкес осы бағалы қағаздар шығарылымының шарттарымен орналастырылуға мүмкін бағалы қағаздардың жалпы санынан асырмай), қанағаттандыруға құқылы;

сатушы бағалы қағаздардың қосымша орналастырудан бас тарту шешімін қабылдаса, айтылмыш хабарламада осындай бас тартудың себебі көрсетілуі тиіс.

12. Егер сатушы Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру туралы шешім қабылдаған жағдайда, артықшылығы, қанағаттандырылған жағдайда, Биржа қабылдаған уақытқа сәйкес бұрын берілген өтінімге беріледі.
13. Қосымша орналастыру бойынша сауда-саттық аяқталғаннан кейін (осы баптың 12 тармағына сәйкес қарсылама өтінімдерді қанағаттандырып болғаннан кейін) Биржа сатушыға, осы мәмілелерді жасасқан саудасаттыққа қатысушылары туралы ақпараттар қосып берілген, осы саудасаттықта жасалған мәмілелер туралы жиынтық ақпаратізімін ұсынады.  
Айтылмыш ақпарат құпия болып табылып, тек сатушыға арналады, ол осы ақпараттың әйгілеуіне, осындай әйгілеудің кез келген салдарына толық жауапты болады.
14. Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру немесе бағалы қағаздарды орналастырудан бас тартуы туралы сатушының шешімі Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдердің сомалық көлемі (осы баптың 15 тармағында белгіленген ережеден тыс ерекшеліктерден басқа) туралы мәліметтерін Биржа ұсынғаннан кейін 30 минут аралығында Биржаға берілуі тиіс.
15. Қосымша бағалы қағаздар бойынша есеп айырысуды қосымша орналастыру туралы аукционды өткізген күннен кейін және:
  - 1) осы есептесулерді қосымша орналастыру бойынша сауда-саттық өткізілген күннен кейінгі бірінші жұмыс күні жүзеге асырғанда, - сатушының Биржа қабылданған қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру туралы немесе бағалы қағаздарды қосымша орналастырудан бас тартуы туралы шешімі қосымша орналастыру сауда-саттығы өткізілгеннен кейінгі бірінші жұмыс күні алматы уақытымен 11.00-ге дейін Биржа қабылдаса; немесе
  - 2) осы есептесулерді қағаздарды қосымша орналастыру өткізілген күннен кейінгі екінші немесе басқа да кейінгі жұмыс күні жүзеге асырғанда, – сатушының Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерін қанағаттандыру туралы немесе бағалы қағаздарды қосымша орналастырудан бас тартуы туралы шешімі аталған есептесулерді жүзеге асыру басталар алдындағы бір жұмыс күннен кешіктірмей Биржа қабылдаса, осы баптың 14 тармағында белгіленгеннен шарттарды бұзуға рұқсат етіледі.



16. Егер сатушы, осы баптың 14 тармағында белгіленген (осы баптың 15 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп), міндеттерін орындамаған жағдайда, Биржа бағалы қағаздарды қосымша орналастыру бойынша сауда-саттық күшін жойды деп жариялауға, сондай-ақ, сатушыға осындай тәртіп бұзушылығы мен осы тәртіп бұзушылығының кез келген салдарына толық жауапкершілік жүктеуге құқылы.

**24 бап. Мамандандырылған сауда-саттықта жасалған мәміле бойынша міндеттемелерді орындамаудың салдары**

Тұрақсыздық айыбын осы мәміленің сомасынан 5.0% мөлшерінде жәбірленуші тарапқа (егер ол осы айыппұлды төлеу туралы талап болса) мамандандырылған сауда-саттық мәмілелері жасалып, жасалмаған мәміле бойынша орындамаған тарап төлейді.

**9 тарау. АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ГОЛЛАНДИЯЛЫҚ САУДА-САТТЫҚ ӘДІСТЕРІ**

**25 бап. Ағылшын және голландиялық сауда-саттық әдістерінің негізгі ережелері**

1. Ағылшын және голландиялық сауда-саттығы, ағылшын және голландиялық сауда-саттығында сатылатын қаржы құралының жалғыз сатушысы болғанда ғана қолданылады.

Осындай сатушы болуға тек, осы ағылшын және голландиялық саудасаттығында сатуға рұқсат етілген қаржы құралының түріне сәйкес келетін санаттағы Биржа мүшесі ғана құқылы.

2. Қаржылық құрал ағылшын (голландиялық) сауда-саттықта осы қаржы құралымен бір мәміле жасасу арқылы тұтастай сатылады (голландиялық сауда-саттық барысында сатылатын қаржы құралымен жалғыз мәміле сатушының осы Қағиданың 26-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес осы сауда-саттыққа қатысуды жалғастырудан бас тартумен байланысты емес жағдайды қоспағанда).

3. Ағылшын (голландиялық) сауда-саттығы, сатушының қалауы бойынша бір немесе бірнеше итерациямен өткізілуі мүмкін және оған алдыңғы итерацияның көлемімен немесе осы көлемді өзгертіп, сатуға өтінімін қайта беру құқығы беріледі (осы тармақтың екінші абзацымен белгіленген тыйымды ескеріп).

Алдыңғы итерацияның нәтижесі бойынша қанағаттандырылған сатуға өтінімді қайталап беруге тыйым салынады.

4. Ағылшын сауда-саттығы әдісін қолданғанда әрбір итерация сатушымен белгіленген (мәрелік), әдетте, әдейі төмендетілген қаржы құралының бағасымен басталып, аталған қаржы құралын әлеуетті сатып алушыларымен көтеру жағына қарай жалғастырылып, осы қаржы құралымен мәміле жасалғанға дейін жалғасады.

Голландиялық сауда-саттығы әдісін қолданғанда әрбір итерация саутышмен белгіленген (мәрелік), әдетте, әдейі көтерілген қаржы құралының бағасымен басталып, аталған қаржы құралын әлеуетті сатып алушыларымен төмендету жағына қарай жалғастырылып, осы қаржы құралымен мәміле жасалғанға дейін немесе сатушы осы сауда-саттыққа қатысудан бас тартқанға дейін (айтылмыш жағдайлардың қайсысы бірінші болуына қарай) жалғасады.

5. Ағылшын (голландиялық) сауда-саттығын өткізу үшін сатушы Биржаға еркін түрде құрастырылған өтініш (осы бапта әріректе - өтініш) беруі тиіс, онда келесі мәліметтер қамтылуы тиіс:

- 1) сатушы таңдаған сауда-саттық (ағылшын немесе голландиялық) түрі туралы;
  - 2) осы сауда-саттығын өткізудің<sup>11</sup> сатушыға ыңғайлы күні;
  - 3) Биржамен сатып алу өтінімдерін қабылдау кезеңінің басталу және аяқталу уақыттары;
  - 4) сатылатын қаржы құралы туралы;
  - 5) сатылатын қаржы құралының саны<sup>12</sup>;
  - 6) сатылатын қаржы құралының бастапқы (мәрелік) бағасы туралы;
  - 7) әлеуетті сауда-саттыққа қатысушылар төлеуі мүмкін кепілдік жарналары туралы<sup>13</sup>;
  - 8) сатылатын қаржы құралы бойынша есептесу шарттары туралы;
  - 9) сатушының пікірі бойынша, аталған сауда-саттықты өткізуге қажет болуы мүмкін өзге де мәліметтер.
6. Өтініш, сатушыға ағылшын (голландиялық) сауда-саттық өткізудің ыңғайлы күнінен екі күн бұрын, Биржамен қабылдануы тиіс.
7. Ағылшын (голландиялық) сауда-саттықтар, өтініште көрсетілген сатушыға ыңғайлы осы сауда-саттықты өткізу күніне қарай, Биржамен белгіленген күні өткізіледі.
- Ағылшын (голландиялық) сауда-саттығын өткізу уақыты, осы ағылшын (голландиялық) сауда-саттығында сатылуы болжанатын қаржы құралы қай қаржы құралдарының тобына жататын болса, сол қаржы құралдарға саудасаттық Регламентінде белгіленген уақытқа дәл келуі тиіс.
- Ағылшын (голландиялық) сауда-саттығы бірнеше итерациямен өткізілгенде, сатушы олардың араларында, ұзақтығы сатушының қалауымен белгіленіп үзілістер жариялауға құқылы. Өтініш, сатушыға ағылшын (голландиялық) сауда-саттық өткізудің ыңғайлы күнінен екі күн бұрын.
8. Биржа қабылдаған сатушының өтініші сатуға өтінім деп саналады.
9. Биржа ағылшын (голландиялық) сауда-саттығын өткізетін күні белгілегеннен кейін келесі күннен кешіктірмей, осы туралы ақпараттық хабарлама әлеуетті сауда-саттыққа қатысушыларына (электрондық пошта немесе сауда-саттық жүйесі арқылы) беріледі, сонымен қатар, осы сауда-саттықтар туралы Биржа сайтында жарияланады.
10. Егер өтінішке сауда-саттыққа қатысушылары төлейтін кепілдік жарналар туралы мәліметтер енгізілсе:
- 1) осындай кепілдік жарна көлемін (егер осындай кепілдік жарнаның көлемі Биржаның ішкі құжаттарында белгіленбесе) сатушы белгілейді;
  - 2) аталған кепілдік жарналар, сауда-саттық ашылғанға дейін, Биржаның банктік есеп-шотына аударуға жатады, оның деректемелері осы баптың 9 тармағында аталған ақпараттық хабарламада көрсетіледі;
  - 3) айтылмыш сауда-саттыққа тек осы баптың 1) және 2) тармақшаларына сәйкес кепілдік жарналарын өткізу шартын орындаған сауда-саттыққа қатысушылары ғана қатыса алады;

---

<sup>11</sup> Ағылшын (голландиялық) сауда-саттығы бірнеше күн бойы өткізілуі мүмкін; демек, сатушы өтінішінде бірнеше ыңғайлы күнді немесе бірнеше күн бойы өткізілуі мүмкін ағылшын (голландиялық) саудасаттығын өткізуді бастауға ыңғайлы күнін белгілеуге құқылы

<sup>12</sup> Сатушы сатылатын қаржы құралын еркінше (сатушының қалауымен) белгіленген көлемдерде бірнеше лоттарға бөлуге құқылы; мұнда әрбір лот дербес қаржы құралы ретінде сатылуға жатады.

<sup>13</sup> Осы және бұдан әрі осы бапта сатушы сауда-саттыққа қатысушылардың қатарына кірмейді.

- 4) осы баптың 1) және 2) тармақшаларына сәйкес кепілдік жарналарын өткізу шартын орындаған сауда-саттыққа әлеуетті қатысушылардың санын Биржа жариялануы тиіс.
11. Әрбір ағылшын (голландиялық) сауда-саттығының итерациясы басталар алдында, бұл ретте:
  - 1) сату өтінімі күшін жойды деп мойындалса;
  - 2) осы сауда-саттыққа әлеуетті қатысушыларына Биржа (электрондық пошта немесе сауда-саттық жүйесі арқылы) сауда-саттық болмайтыны туралы, сондай-ақ, Биржа сайтында ақпараттық хабарлама арқылы жарияласа, сатушы осы сауда-саттықты өткізуден бас тартуға құқылы.

**26 бап. Ағылшын және голландиялық сауда-саттық әдістерімен өтінім беру және мәмілелер жасасу**

1. Ағылшын (голландиялық) сауда-саттықтың әрбір жеке итерациясы басталысымен:
  - 1) сатылатын қаржы құралының бағасын өзгерту қадамдары белгіленуі мүмкін;
  - 2) сауда-саттыққа қатысушылар сатылатын қаржы құралының өздері белгілеген бағасы бойынша өтінімдер беру құқығына иеленеді, бұл ретте:

ағылшын сауда-саттығын өткізгенде – өтінім бағасы қаржы құралының бастапқы (мәселік) бағасынан жоғары болуы тиіс;

голландиялық сауда-саттығын өткізгенде – өтінім бағасы қаржы құралының бастапқы (мәселік) бағасынан төмен болуы тиіс;

егер сауда-саттыққа қатысушылар саны екіден кем болса, голландиялық сауда-саттықтар жүзеге аспады деп мойындалып, жарияланады;

өтінім көлемі сатылатын қаржы құралының көлеміне (сатуға берілген өтінім көлеміне) тең болуы тиіс;
  - 3) олландиялық сауда-саттығын өткізгенде сатушы:

сауда-саттыққа әрі қарай қатысудан бас тартуға (сатуға беріліп, қанағаттандырылмаған өтінімнің күшін жоюға);;

сатылатын қаржы құралының бағасын (сатуға берілген өтінім бағасын) түсіруге құқылы;
  - 4) ағылшын сауда-саттығының итерациясы: егер сауда-саттыққа қатысушылар саны екіден аз болса:

егер Биржа сатып алуға өтінімдерді қабылдау кезеңінің уақыт аралығында<sup>14</sup>;

егер Биржа сатып алуға өтінім қабылдау уақыт аралығында<sup>15</sup> сатып алуға ешбір өтінім қабылдамаса;

<sup>14</sup> Ағылшын сауда-саттығын өткізгенде Биржаның сатып алуға өтінімдерді қабылдауға арналған уақыт аралығы, Биржаның өзімен, сауда-саттыққа қатысушылардың іскери мінез-құлықтарын ескеріп, үшке дейін санау принципі бойынша, белгіленеді. Мұнда, "үш"-дегенде ағылшын сауда-саттығы жүзеге аспады деп саналып (егер сатылатын қаржы құралының бастапқы (мәселік) бағасы бойынша Биржа осы уақыт аралығында сатып алуға бір де бір өтінім қабылдамаса) немесе Биржа, сатып алуға берілген өтінімі Биржамен ең соңғы болып қабылданған, сауда-саттыққа, егер айтылмыш уақыт аралығында Биржа сатып алуға басқа өтінім қабылдамаса, қатысушысына осы қаржы құралын сату туралы жариялайды.

<sup>15</sup> Ағылшын сауда-саттығын өткізгенде Биржаның сатып алуға өтінімдерді қабылдауға арналған уақыт

- 5) ағылшын сауда-саттығын өткізгенде:
- сатушы сауда-саттыққа қатысудан бас тартуға (сатуға берілген өтінімінің күшін жоюға) құқығы жоқ;
- сауда-саттыққа қатысушылардың сатып алуға өтінімдері тек қаржы құралының бағасын өсіру жағына қарай ғана беріледі;
- Биржамен өтінімдер қабылданғаннан кейін сатып алуға өтінімдерді қабылдауға арналған уақыт өткен соң, қабылданған сатып алуға өтінім қанағаттандыруға жатады, егер осы уақыт аралығында Биржа басқа сатып алуға өтінім қабылдамаса;
- осы тармақтың үшінші абзацына сәйкес қанағаттандырылатын өтінім бойынша мәміле, сатып алу өтінімінің бағасымен, осы өтінім көлемінде (сатуға берілген өтінім көлемінде) жасалады;
- 6) голландиялық сауда-саттығын өткізгенде:
- сатушы, егер сатып алуға өтінімдер берілмесе, қаржы құралының бағасын (сату өтінімінің бағасын) түсіреді немесе әрі қарай сауда-саттыққа қатысудан бас тартады;
- Биржа қабылдаған ең алғашқы сатып алу өтінімі (осы Қағиданың 27 бабында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп) қанағаттандырылады;
- осы тармақтың үшінші абзацына сәйкес қанағаттандырылатын өтінім бойынша мәміле, сатып алу өтінімінің бағасымен, осы өтінім көлемінде (сатуға берілген өтінім көлемінде) жасалады.
2. Ағылшын (голландиялық) сауда-саттығының әрбір итерациясы аяқталғаннан соң (осы Қағиданың 27 бабына сәйкес, сатып алу өтінімі қанағаттандырылғаннан кейін) Биржа сатушыға осы сауда-саттықта жасалған мәміле туралы, осы мәмілені жасасқан сауда-саттыққа қатысушылары туралы ақпараттарды қосып, мәліметтер береді.
- Айтылмыш ақпараттар құпия болып табылып, тек сатушыға арналады, ол осы ақпараттың әйгіленуіне және осындай әйгіленудің кез келген салдарына толық жауапты болады.

**27 бап. Голландиялық сауда-саттығын дауыс беру тәсілімен өткізу ерекшеліктері**

1. Голландиялық сауда-саттықты дауыс беру тәсілімен өткізгенде, сатып алу өтінімдерін беру кезегі бойынша туындайтын даулы жағдайлар орын алған кезде Биржа маклері (маклерлері) пікіріне жүгінеді де, соның пікірі ақтық болып табылып, шағынуға жатпайды; сонымен бірге, сатып алу өтінімдерін беру кезегі бойынша туындаған даулы жағдайларды шешу мақсатында Биржа маклері (маклерлері) сауда-саттыққа қатысушылардың пікірін және өзінің ассистентінің (ассистенттерінің) пікірін сұрауға құқылы.
2. Егер, осы баптың 1 тармағына сәйкес, бірнеше сауда-саттыққа қатысушылары берген сатып алу өтінімдері бір уақытта беріліп, Биржа бір уақытта қабылдады деп мойындалса:
  - 1) сатушы сату өтінімінің күшін жоюға, әлде оның шарттарын өзгертуге құқығы жоқ;

---

аралығы, Биржаның өзімен, сауда-саттыққа қатысушылардың іскери мінез-құлықтарын ескеріп, үшке дейін санау принципі бойынша, белгіленеді. Мұнда, "үш"-дегенде ағылшын сауда-саттығы жүзеге аспады деп саналып (егер сатылатын қаржы құралының бастапқы (мәрелік) бағасы бойынша Биржа осы уақыт аралығында сатып алуға бір де бір өтінім қабылдамаса) немесе Биржа, сатып алуға берілген өтінімі Биржамен ең соңғы болып қабылданған, сауда-саттыққа, егер айтылмыш уақыт аралығында Биржа сатып алуға басқа өтінім қабылдамаса, қатысушысына осы қаржы құралын сату туралы жариялайды.

- 2) голландиялық сауда-саттығында сатылатын қаржы құралы, осындай сауда-саттыққа қатысушылары арасында теңдей бөлінеді, мәмілелер сату өтінімінің соңғы бағасымен, осы көлемде жасалады;
- 3) егер голландиялық сауда-саттығында сатылатын қаржы құралы аталған сауда-саттыққа қатысушылары арасында теңдей бөлінуі мүмкін болмаса, сауда-саттықтың әдісі ағылшын сауда-саттық әдісіне ауыстырылып, жалғастырылады, бұл ретте:  
аталған сауда-саттыққа қатысушылары осы ағылшын сауда-саттығына қатысудан бас тартуға құқылы;  
ағылшын сауда-саттығына қатысудан бас тартпаған сауда-саттыққа қатысушысы сатып алуға өтінім беріп, сатылатын қаржы құралының бағасын өсу жағына қарай өзгертуі тиіс;  
аталған ағылшын сауда-саттығы жүзеге аспады деп мойындалып жарияланған жағдайда, осы Қағиданың 26 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына сәйкес, соның нәтижесінде өткізілген голландиялық сауда-саттығы да жүзеге аспады деп мойындалып, жарияланады.

**28 бап. Қорытынды ережелер**

1. Осы Қағида Биржаның сайтында жарияланады.
2. Осы Қағидалар қажет болған жағдайда жаңартылады, бірақ кемінде үш жылда бір рет.
3. Осы Қағидаға өзгерістер мен/немесе толықтыруларды уақтылы енгізу үшін жауапкершілік (жаңарту) Сауда-саттық департаментіне жүктеледі.

Басқарма Төрайымы

Алдамберген А.Ө.

## Арнайы мамандандырылған сауда-саттық өткізуге

## ӨТІНІШ

(Биржа мүшесінің «қор» санатының толық атауы)

белгілі бір параметрлермен және келесі шарттармен [бағалы қағаздардың атауын орналастыру, сату, сатып алу немесе сатып алу] [бағалы қағаздардың атауы] бойынша мамандандырылған сауда-саттықты ұйымдастыруды сұрайды.

I ТАРАУ. ШЫҒАРЫЛЫМ ПАРАМЕТРЛЕРІ		
1.	Қаржы құралының түрі	
3.	НИН / ISIN	
4.	Сауда коды	
5.	Валюта шығару	
6.	Номиналды құн (облигациялар үшін)	
7.	Шығарылымның көлемі (шығарылым валютасы):	
8.	- тіркелген	
9.	- орналастырылған	
10.	Айналымның басталу күні	
11.	Айналымның соңғы күні (облигациялар үшін)	
12.	Өтеудің басталу күні (облигациялар үшін)	
13.	Айналым мерзімі (облигациялар үшін)	
14.	Купонды төлеудің басталу күні (облигациялар үшін)	
15.	Уақытша база (облигациялар үшін)	
II ТАРАУ. АРНАЙЫ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН САУДА-САТТЫҚТЫ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ		
1.	Сауда-саттық күні	
2.	Орналастырудың жарияланған көлемі	
3.	Өтінімді қабылдаудың басталу уақыты	
4.	Өтінімдердің соңғы мерзімі	

5.	Өтінімді растау мерзімі	
6.	Кесу уақыты мен күні	
7.	Өтінімді беру тәсілі	
8.	Шектеулі тапсырыстарды қанағаттандыру тәсілі	
9.	Сатып алуға арналған нарықтық өтінімдерді қанағаттандыру тәсілі (нарықтық өтінімдерді қабылдау кезінде)	
10.	Өтінімдерді қанағаттандыру тәсілі	
11.	Қаржы құралының бағасы	
12.	Лот мөлшері (бар болса)	
13.	Өтінімде қаржы құралдарының саны	
14.	Кесу өтінімінің әдісі	
15.	Өтінім көлемі	
16.	Мәміле көлемі	
17.	Нарықтық өтінімдерді қанағаттандыру пайызы	
18.	Төлем күні мен уақыты	
19.	Есеп айырысуды өткізу шарттары	
20.	Қаржылық құралдарды есепке алу/есептен шығару үшін қосалқы шот нөмірі	
21.	Арнайы мамандандырылған сауда-саттықтың басқа шарттары ( <i>қажет болған жағдайда</i> )	

[Биржа мүшесінің «қор» санатының  
атқарушы органының  
басшысының лауазымы

]

[қолы]

[тегі, аты-жөні]

М.О.